

Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2008 жылға арналған төлемақы мөлшерлемесін бекіту туралы

Қостанай облыстық мәслихатының 2008 жылғы 15 тамыздағы N 125 шешімі. Қостанай облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 26 қыркүйекте N 3654 тіркелді

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38-бабы 5) тармақшасына, "Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)"»Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N 209 Кодексінің 454-бабы 1-тармағына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2008 жылға арналған төлемақы мөлшерлемесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2008 жылға арналған төлемақы мөлшерлемесін бекіту туралы"»Қостанай облыстық мәслихатының 2008 жылғы 11 шілдедегі N№113 шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

К е з е к т е н т ы с

сессияның төрағасы

А. Жалғасов

мәслихатының хатшысы

*Қ о с т а н а й о б л ы с т ы қ
Ғ. Сағиев*

КЕЛІСІЛДІ

Қ о с т а н а й о б л ы с т ы қ

м ә с л и х а т ы н ы ң

2 0 0 8 ж ы л ғ ы 1 5 т а м ы з д а ғ ы

№ 1 2 5 ш е ш і м і н е

қ о с ы м ш а

Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2008 жылға арналған төлемақы мөлшерлемесі

№	Арнайы су пайдалану түрлері	Өлшеу бірліктері	Төлемақы мөлшерлемесі
1	Тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/текше метр	0,041
2	Жылу энергетикасын қоса есептегенде, өнеркәсіп	теңге/текше метр	0,119
3	Ауыл шаруашылығы	теңге/текше метр	0,033
4		теңге/текше метр	0,033

	Су көздерінен су алатын тоған шаруашылықтары		
5	Балық шаруашылығы, су көздерінен балық аулайтын тұтынушылар	теңге/тонна	84,316

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК